

АР-ДАК

ARDAK.KZ
АҚПАРАТТЫҚ ПОРТАЛЫ

Айрықша ақпараттарыңыз болса
«Ватсап» арқылы тәуліктің кез-келген
уақытында мына байланыс телефоны
арқылы жолдай аласыздар:
8 (778) 115-15-25
Эл.пошта: ardak.gazeta@mail.ru

№17 (899) 30 сәуір, 2021 жыл

Республикалық қоғамдық-саяси апталық газет

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: 65475



ЕЛБАСЫ Н. НАЗАРБАЕВ ҚЫЗМЕТІНЕН КЕТТІ

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы қызметінен кетті. Елбасы ҚХА-ға басшылық етуді Қазақстанның қазіргі президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа тапсырды, деп хабарлайды «Адырна» ұлттық порталы.

«Баршаға белгілі болғандай, 2019 жылы 19 наурызда сағат 19-да мен Қазақстан халқына президенттің өкілеттігін тоқтататынымды жарияладым. Мен бұны жеткілікті деп санап басшылықты ауыстыру керектігін ұқтым. Сондықтан биліктің сабақтастығы туралы бұл мәселе 2019 жылы шешілген еді. Қазіргі өмір бұл қадамның дұрыстығын растады», деді Назарбаев.

Бүгін бұл таңдаудың дұрыс

екендігі расталды.

«Мен әрі қарай жүргім келеді, бұл мен үшін маңызды кадам. Мен Ассамблеяның бастауында тұрдым. Ассамблеяның барлық мүшелеріне қолдау көрсеткендері үшін рақмет. Бұл маңызды іс болды. Бірақ, өздеріңіз білетіндей, менің өмір бойы ҚХА-ны басқаруға құқығым бар. Мен әрдайым онымен бірге боламын және бас тартпаймын. Бұл ретте бірқатар өкілеттіктер ел Президентіне жүктелген. Яғни, барлық сұрақтар тек бір қолда болуы керек. Мен ҚХА-ны басқару құқығымды Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа беру туралы шешім қабылдадым», деді ол.

«Адырна»



СЫРЫМ ЕРТАЕВ: МЕМЛЕКЕТТІҢ БОЛАШАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІНДЕ!

Бүгінгі менің қозғағым келіп отырған тақырыбың маңызына сіздердің көңілдеріңізді аударғым келіп отыр!

Балалардың көп қабатты үйдің терезесінен құлаудың алдын алу мәселесі!

Қазақстан Республикасының ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша, соңғы 5 жылда балалардың көп қабатты үйдің терезесінен құлау салдарынан 140-тан астам бала қайтыс болған!

Тек осы жылдың 1-ші тоқсанында ғана 9 жағдай тіркелген, оның біреуі өліммен аяқталған!

Бұл мәселені біз «АЖАЛТ» деп көз жұмып отыра алмай-

мыз, өйткені біз балаларға қауіпсіздік қамтамасыз етуіміз қажет!

Балалар - біздің болашағымыз! Біздің мемлекеттің болашағы сол балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігінде!

Сондықтан да, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, Сізден келесі шараларды қабылауыңызды сұраймын:

- құрылыс талаптарын

сақтау бойынша бақылауды күшейту;

- Жаңа ғимараттар құрылыс кезінде ғана емес, сонымен қатар терезе өндіріс кезінде, ескі терезелерді ауыстыру бойынша тиісті талаптарын енгізу;

- Терезе блоктарын орнатуды бақылау үшін авторлық қадағалау жүргізу;

- Құлыптарды орнатуға қойылатын талаптарды сақтамағаны үшін, тіпті лицензиядан айыруға дейін заңды жауапкершілікті күшейту

- Өлеуметтік желіде және ғаламтор желісінде ақпараттық мәліметті күшейту!

Осы жоғарыда айтылған талаптарды тез арада іске асыруын сұраймын!

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ «2015 ЖЫЛДАН БЕРІ ӨСПЕГЕН, ОЛАР ЖЕМҚОРЛЫҚҚА БАРУЫ МҮМКІН»

Оның сөзінше, мұғалімдер директорлардан бірнеше есе көп жалақы алады

Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап мұғалімдердің жалақысы жыл сайын 25 пайызға көтеріледі. Алайда, мектеп директорларының жалақысы 2015 жылғы деңгейде қалды. Елордалық депутаттың айтуынша, бұл мәселе тез арада шешімін таппаса, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері көбеюі мүмкін.

Аталған мәселені Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаты Талғат Нәрікбаев елордалық білім басқармасының басшылығымен кездесу барысында көтерді. Кездесуде басқарма басшылығы мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған мектептерді 2025 жылға дейін шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынға ауыстыру жоспарланғанын мәлімдеген. Жаңа ұйымдық нысан дербес жедел басқару және оларға берілген мемлекеттік ақшалай қаражатты иелік ету бойынша өкілеттікті кеңейтуге мүмкіндік беріледі. Қазіргі таңда қаладағы 90 мектептің тек 15-і ғана ауыстырылды.

«Бұл мәселе біраз уақыттан бері шешімін таппай келеді. Жақында білім басқармасы басшысымен өткен кездесу барысында тек бір ұйым қызметкерлерінің еңбекақысын төлеуде салаишілік дифференциация бар екені

анықталды. Қазіргі уақытта мектеп директорының лауазымдық жалақысы 180 000 теңгені, бас бухгалтердің лауазымдық жалақысы 112 000 теңгені құрайды. Ал мұғалімдердің жалақысы 450 мың теңгеден 600 мың теңгеге дейін жетеді», - деп жазады ол өзінің Facebook-парақшасында.

Депутаттың айтуынша, егер мәселе тез арада шешілмесе, елімізде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің артуына алып келеді. Сондай-ақ, білікті мамандар төмен жалақы үшін жауапкершілігі мол қызметке барғысы келмейді.

«Менің ойымша, егер бұл мәселені шешімін қазір таппасақ, сыбайлас жемқорлық тәуекелі айтарлықтай артады. Біріншіден, мұғалімдер мен мектеп әкімшілігі арасындағы жалақы айырмашылығы сөзсіз әкімшілік ресурстарды пайдалануға итермелейді. Екіншіден, бәсекеге қабілетті менеджерлер қазіргідей жалақыға мектепте жұмыс істегісі келмейді. Үшіншіден, төмен жалақы үшін жұмыс істеуге келесетін білікті басқарушылар мекеменің қызметін сапалы жүргізе алмайды, оның ішінде – қызметкерлерді кәсіби тұрғыда жұмысқа қабылдай алмайды. Нәтижесінде, тәрбие мен оқыту процесі сапасыз жүргізіледі, бұл мектеп түлектерінің біліктілік деңгейінің төмендеуіне әкеліп соқтырады», - дейді Талғат Нәрікбаев.

Мәслихат депутаты Қазақстан Республикасының қолданыстағы



нормативтік актілерін талдаудың, «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ басшылығымен кездесудің қорытындысы бойынша Білім басқармасына бұл мәселені шешудің жолын ұсынды.

«Біз бұл мәселені Нұр-Сұлтан қаласының білім басқармасы мен Нұр-Сұлтан қаласының «Әділет» Білім беру қызметкерлерінің кәсіптік одағы арасында өңірлік деңгейдегі әлеуметтік әріптестік туралы келісім жасасу арқылы шешуді ұсынамыз. Бұл жергілікті бюджеттен лауазымдық жалақы сомасына қосымша 30-дан 50%-ға дейін қаражат бөліп, аталған мәселені шешкен Жамбыл облысының мысалында елордамыздың білім беру саласы қызметкерлерінің жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді», - делінген жазбада.

Депутат Кәсіподақпен бірлесіп, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А.С.Көлгіновтің атына білім беру мекемелерінің әкімшілік-қосалқы персоналдың жалақысын арттыру жөніндегі ұсынысты қарауын өтініп, хат жолдады.

«МЫСЫРДА ДЕМАЛЫП ЖАТЫРМЫН» – ДЕПУТАТ

Түркістанда облыстық мәслихаттың депутаты бір мың гектардан астам жайылым жерді қоршап алған.

Бәйдібек ауданындағы ат шаптырым алқапты Ерлан Нұрмаханов айналыра қазып тастапты. Соның салдарынан тұрғындардың төрт түлігі арыққа құлап мертігіп жатыр. Бұл туралы КТК хабарлады.

Жайылым жер депутаттың жекесіне айналған соң, мұндағы жұрттың өрісі тарылған. Ал аудандық шенеуніктер халық қалаулысының сөзін сөйлейді дейді жиналғандар. Бәйдібек ауданындағы Жолғабас, Кеңес ауылдары төрт түлігін ұлтарактай жерге жайып жүр. Себебі, ауылдың айналасындағы жайылымға кіру мүмкін емес. Атам заманнан үйір жылқы мен отар-отар қой жайылған жердің екі жылдан бері айналасы қазылып, терең ор болып жатыр.

Бәйдібек ауданының тұрғыны Сәрсенбек Арыстанов: «Азғана ауылды менсінбегені ме? Байлар келіп, бар жерімізді қоршап алып жатыр. Біз малды қайда жаямыз? Бар күнкөрісіміз – мал. Шөпті сатып алу керек. Мыналар өз шөбімізді өзімізге сатады. Не істеуіміз керек? Ауылда отырып шөп сатып алсақ, онда малды не үшін асырап отырмыз?» - дейді.

Тереңдігі мен ені бір жарым метрлік арықтың қанша шақырымға созылып жатқанын

ешкім айта алмайды. Бұл орға түсіп шыға алмай қырылған ірі қараның өзі оннан асады екен. Қой мен ешкі тіпті көп. Арықты бойлай жүрсеңіз, әр жерде ор түбінде теңкііп жатқан өлексені көресіз.

Мәселен, біздің көзімізше екі-үш ешкі арыққа түсіп кетті. Абырой болғанда жақын маңда жүрген иесі көріп қалып, төлдерін шығарып үлгерді. Ұшы-қиыры көрінбейтін арықтың қазір суы қайта тартылған. Ал жаңбыр жауып, қар ерігенде арықтың суы бетіне дейін толады. Ондай кезде тұрғындар мал түгілі, адамын уайымдайды. Себебі, ауылда кішкене балалар осы арықтың бойында ойнайды.

Ауыл тұрғындары жайылым жер қалмағанын да, арықтың қауіпті екенін де аудандық әкімдіктен бастап, ор қазған депутат Ерлан Нұрмахановқа да талай айтыпты. «Бірақ депутат менсінбейді, ал әкімдік тындамайды» дейді жиналғандар.

Бәйдібек ауданының тұрғыны Әліби Ақжанбаев: «Ерлан Нұрмаханов деген облыстық мәслихатта депутат. Сол кісі алған мына жерді. Бұл – елдің мал жаятын жері. Біреуі қазір малын шығара алмай қалды. Депутат ауыл тұрғындарын тындамайды. «Басқа жермен сөйлесіп қойғам, мен үлкен жақпен сөйлесіп қойғам,

тындамаймын сендерді» дейді. Келіп, мына ауылмен санаспайды», - дейді.

Тұрғындар облыстық мәслихат депутатын бүгін де шақырған. Бірақ халық қалаулысы «Мысырда демалып жатырмын» деп сәлемдеме айтып жіберіпті. Есесіне, ауылға келген аудандық атқамінерлер депутаттың жалға алған 1066 гектар жерінің 350 гектарына бидай егіліп жатқанын жеткізді. Бірақ екі жылдан бері қазылып жатқан орды күні кеше ғана көрдік деп Айды аспанға шығарды.

Берік Тұрлыбеков, Бәйдібек ауданы әкімінің орынбасары: «Жер қатынастары жөніндегі инспектор бар. Ауыл әкімімен бірлесіп анықтайды. Жердің мақсатсыз пайдаланып жатқан болатын болса, аудандық сот арқылы талап-арыз беріліп, аудан әкімдігінің жер қойнауына жерді кері қайтарады», - деді.

1066 гектардың 350 гектарына ғана егін егіліп жатқанын айтқан басшы қалған жердің қаншалықты мақсатты пайдаланып жатқанын анықтамақ. Әкімдердің артынан депутаттың інісі де жетті. Ол жерді қазып тастағаны үшін айыппұл төлеуге әзір екен. Тіпті көп ұзамай арықты қайта көмуге уәде берді.

Нұрбек БАҚЫТ



көбейді. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты жанжалдар мен экономикалық сұрақтарға қатысты дау да тыйылмай тұр. Бірақ Көлгіновтың Түркістанды көркейте алатынына күмданып жатқандар жоқ емес.

Ал басы даудан арылмаса да, бағы бес елі Бауыржан Байбекке қандай қызмет бұйыруы мүмкін? Байбектің келесі қызметі Нұр-Сұлтан әкімінің креслосы бола ала ма? Назарбаевтың бірінші орынбасары соңғы кезде ашық сұқбаттарға шығып, белсенділік танытып жүр. Зейінді көрермен оның бір жарым сағат бойы билік блогері атанған Бердоңғаровпен сұқбатын қызу талқылауда. Байбек сұқбатта Назарбаевтың есімін бірнеше рет атап,

«ӘКІМДЕР АУЫСАДЫ»: «ТАҚҚА» ТАЛАСТА КІМНІҢ БАҒЫ ЖАНАДЫ?

Қазақстанның агломерация аймағына айналған елдің бетке ұстар облыстарында әкімдер ауысуы мүмкін. Сол жағалаудан «жел» тұрды. Жоғары лауазымды шенділердің креслосына қатысты қызықты ақпараттар әлеуметтік желіде қызу талқыға түсті. Сонымен, кімнің бабы мықты, кімнің бағы жанады?

Әлеуметтік желіде тарап кеткен ақпаратқа сүйенсек, Өмірзақ Шөкеев Алматы қаласының әкімі лауазымына лайықты негізгі үміткерлердің бірі.

Шөкеевті ерекшелейтін не? Өмірзақ Естайұлы елдің мойнын бұрғызған Арыс оқиғасы мен Жетісайдағы тасқын кезінде жағдайды қалпына келтіре алды. Резонанс тудырған оқиғаларда ол өзін жақсы жағынан көрсете білді. Тіпті, шағын саяси ортада оның «Данышпан» деген лақап аты да бар. Оның үстіне Елбасының ерекше назарын аударған Түркістан құрысы да Шөкеевке сеніп тапсырылғанын білеміз. Аз ғана уақытта миллиондарды жаратып сарай тұрғызды. Бейресми деректер бойынша Шөкеев бір ғана Түркістан үшін де үлкен құрметке лайық. Елбасының сенімді өкілі ертең-ақ жоғары қызметтен көрінуі ғажап емес.

Халықтың наразылығы мен реніші үдеген тұста Алматыға Шөкеев әкім болса, ол Байбек жасаған және Сағынтаев тазалай алмаған былықтарды жоюы керек.

Ал қасиетті Түркістанның тағдыры Алтай Көлгіновтың қолына өтуі мүмкін. Елордалық әкім сол жағалаудағы ақ жағалылардың көзіне жиі түсіп жүр. Көлгіновке қатысты күнкілдер


ұлт көшбасшысының ел алдындағы айрықша еңбектерін тағы бір еске салды. Байбектің әр сөзін талқылаған оқырман билік партиясының белді мүшесін жоғары лауазым күтіп тұр деп түйді.

Көлгіновтің мақтауын асырып жүргендер Байбек пен Көлгіновті премьер мен вице-премьер етіп көрсетуі тегін емес. Сағынтаевтың қызметі белгілі болған кезде адамдар кімнің қайда баратынын біледі.

Ал Ақтөбені екі жыл ғана басқарған Оңдасын Оразалиннен жерлестері жалыққандай. Осы уақыт ішінде Тоқаевтан сөгіс те, ескерту де алып үлгерген Оразалин жиі сынға ұшырап жүрген әкімдердің бірі. Елдің кадрлар кабинетінде тәжірибелі мамандардың бірі болған шенді өзін әкім қырынан таныта алмады.

Сейілұлының экс-орынбасары Руслан Мамунов қылмыстық жауапқа тартылып, абақтыға камалса, екінші экс-орынбасары Рахат Сыдықов Ақтөбеде қаржы пирамидасына қатысты дау туған тұста өз еркімен қызметтен кетті. Шендінің қызметтен бас тартуын «денсаулығына байланысты» деп түсіндіргенімен, Сыдықов сайлау кезінде Мәжіліс депутатынан дәмелі үміткерлердің қатарынан көрінді. Оның бәйгедегі белсенділігі сәтсіз аяқталып, депутаттар тізіміне іліге алған жоқ. Оразалиннің үшінші орынбасары Нұрауған Қалауов Президент өкімімен бір күнде қызметтен қуылды. Ақтөбе әкімінің жағдайы маз емес.

ДАЛАЙ-ЛАМА АДАМЗАТҚА ҚАУІП ТӨНГЕНДІГІН ЖАРИЯЛАДЫ



XIV Далай-Лама Жер тұрғындарына үндеу жасады, деп хабарлайды «Адырна» ұлттық порталы.

«2021 жылдың Жер күнінде мен бүкіл әлемдегі бауырларыма бізді алда тұрған қиындықтар мен мүмкіндіктерді қарастыруға шақырамын. Біздің планета - бұл керемет өмір сүруге арналған жер. Оның өмірі - біздің өміріміз, оның болашағы - біздің болашағымыз. Жеке ұйымдар мен жекелеген мемлекеттер жаһандық жылыну және озон қабатының жұқаруы сияқты әмбебап проблемалар алдында өздерін дәрменсіз сезінеді. Біз күш

біріктірсек, оларды шеше алмаймыз. Біздің Жер-анамыз бізге жалпыға ортақ жауапкершілік туралы сабақ береді», - деп жазылған буддизмнің рухани көшбасшысының сайтында.

Ол адамзаттың проблемаларының бірі - су тапшылығы мәселесін атап өтті.

«Бүгінгі күні әлемнің көптеген бөліктеріндегі адамдардың, әсіресе аналар мен балалардың әл-ауқатына бұрынғыдан да қатты су тапшылығы мен санитарлық-гигиеналық талаптардың жеткіліксіздігі қауіп төндіреді. Әлемдегі

екі миллиардқа жуық адамның маңызды медициналық қызметтерге қол жетімсіздіктен зардап шегуі алаңдатады», деп қосты ол.

Далай Лама өзара тәуелділік - табиғаттың негізгі заңы деп түсіндірді.

«Өзара тәуелділікті түсінбеу қоршаған ортаға ғана емес, адамзат қоғамына да зиян тигізеді. Демек, біз, адамдар, бүкіл адамзаттың бірлігін жүзеге асыруға келісуіміз керек. Қоршаған ортаға қамқорлық біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігі болуы керек», деп қорытты сөзін Нобель сыйлығының лауреаты.

ТҮРКІСТАНДАҒЫ “ҰШАТЫН ТЕАТРДЫҢ” ШАТЫРЫ ҰШЫП КЕТТІ

Әлемде тендесі жоқ театр бір ай бұрын «Жеруен сарай» туристік кешенінде ашылған болатын.

Түркістан қаласындағы бір ай бұрын ашылған «Жеруен сарай» туристік кешенінде әлемде тендесі жоқ ұшатын театрдың шатырын қатты жел қиратып кетті, деп хабарлайды Azattyq Rýhy.

Әлеуметтік желіде, нақтырақ айтсақ astana.times Instagram-парақшасында жарияланған видеодан қатты жел салдарынан шатыр қаптамаларының қалай ұшып жатқанын көруге болады.

«Алдымен стадион, енді мына театр... Самұрық құстың жұмыртқасы біреудің басын жармаса болды», — дейді видеодағы дауыс.

Еске салсақ, наурыз айында ашылған театр ғимараты Самұрық құстың жұмыртқасы іспеттес пішінде қиял-ғажайып халық аңызына негізделіп жасалған.



«Бәйтеректің бұтағындағы ұясына келіп, киелі Самұрық құс күн бейнелі алтын жұмыртқа салады. Дәл осы алтын түсті алып жұмыртқа пішіміндегі ерекше театрда Бәйтерекіміз сияқты сиқырлы ертегілер еліне, қазақ халқының тарихына жаңа технологиялардың көмегімен, 8D форматта әсерлі саяхат жасауға болады. Еліміздің өткені, бүгінгісі мен келешегінің көрінісі осы театр-музейде көрсетіледі», — деген болатын жоба авторлары.

АЛМАТЫДА ҰСТАЛҒАН MADMEN ТОБЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ ЕСІРТКІ САТУШЫЛАР ДЕП ТАНЫЛДЫ



Алматы полициясы кеше синтетикалық есірткі өндірісі және сатты деген күдікпен 10 адамды ұстады. Олардың арасында MADMEN тобының мүшесі және продюсеріне ұқсас адамдар бар, деп хабарлайды zakon.kz.

Полиция хабарламасында топтың құрамында 21 жасан 30 жасқа дейінгі 10 жас адам бар екені айтылған. Топтың бастамашысы 1994 жылы туған азамат Х. Бұл азамат есірткі қылмыстарымен күрес басқармасының тобына 2020 жылдың қыркүйегінде келген. Х.-ның және оның «көмекшілерінің» қылмыстық әрекеттері ресми түрде құжатталғандығы атап өтілді. Оның әр көмекшісінің рөлдері нақты тағайындалған. Мысалы, логистикалық компания арқылы Ресейден синтетикалық есірткі заттарын өндіруге арналған компоненттерді жеткізуге үш адам жауап берді, екі жас жігіт кассир ретінде өтінімдер қабылдау мен жұмыс істеуге жауап берді, тағы төрт ер адам — бұл сұраныс берушілердің есірткілерін тасымалдауға жауап берді. Олар Алматының Наурызбай, Бостандық және Алатау аудандарын есірткімен қамтамасыз еткен.

Сондай-ақ, полиция қылмыстық істе ұнтақ пен кесек түріндегі заттардың қоспасын анықтаған. Ұсталғандардың айтуынша, бұл есірткі заты «мефедрон». Барлық ұсталғандар уақытша ұстау изоляторына камалды.

Қазақстандықтар желіде тұтқындалғандарды Q-POP жанрындағы MADMEN тобының

мүшелеріне өте ұқсас екенін жазады. Мысалы, бейнежазбадағы адам MADMEN-нің продюсері Руслан Хван болуы мүмкін дейді желіде.

Сондай-ақ, бейнежазда MADMEN тобының мүшесі Моога-ға ұқсайтын жас жігіт бар.

Топ жанкүйерлері пікірлер бөлімінде MADMEN тобының екі мүшесі — Рахат Масақбай мен Ерасыл Абдралиевтен кетуі тегін емес деп жазды. Олардың кететіні туралы осы жылдың наурыз айында белгілі болған еді.

Рэм мен Эраның шығып кеткені жақсы болыпты;

Ең адекваттылар кетіпті ғой Құдайға шүкір;

Бітті, сіздерде жанкүйерлер қалмады;

Жігіттердің топтан кетуінің себебі осы деп ойлаймын;

Кейбір жанкүйерлер болған жағдайға қатты таң қалды.

Мен олардан мұндайды күткен жоқпын, деген сынды пікірлер қаптады.

Кейінірек полиция MADMEN-ге қатысты адамдардың ұсталғанын растады:

Алматы қалалық полиция департаменті синтетикалық есірткіні өндірген және таратқан есірткі желісі өкілдері арасында ұсталған 10 адамның екеуі аталған шығармашылық топқа жататындығын хабарлайды.

MADMEN — бес адамнан тұратын Q-POP тобы, оның төртеуі вокалист, біреуі рэпер. Дебют 2017 жылы MM Entertainment белгісімен алынған болатын.



МӘЖІЛІС ДЕПУТАТЫ ЖАНБОЛАТ МАМАЙДЫ ДЕБАТҚА ШАҚЫРДЫ

Бұл туралы Елнұр Бейсенбаев блогер Нартай Аралбайұлына берген сұхбатында мәлімдеді.

Сұхбат барысында Нартай Аралбайұлы депутатқа Жанболат Мамаймен дебатқа шығу ұсынысын тастады.

«Дайынмын, шақыра аламын. Жанболат Мамай екеуіміз екеуіміз бірге дебатқа шығайық. Белгіленген тақырыпта мәселелерді көтерейік. Жалған сөз, жалған ақпарат емес, шынайы, жүйелі, ашық форматтағы жақсы дебат болатынына сенемін»,

– деді Мәжіліс депутаты Елнұр Бейсенбаев.

Мамайдың Nur Otan Төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбекке таққан айыптарына қатысты да пікір білдірді.

Бұған дейін Жанболат Мамайдың шулы видеоролигіне қатысты Бауыржан Байбектің өзі жауап қатып, қоғам белсендісін сотқа беретінін ресми мәлімдеген болатын.

«Жанболат Мамай Байыржан Байбекке тағы бір видео арнап оны дебатқа шақырыпты. Қандай дебат, адамға жала жаптың ба, енді соттың

алдында жауап бер. Соттың трибунасын дебат ретінде пайдалан сол жерге бүкіл дәлелдеріңді жинап әкел де, айтқан сөзіңе жауап бер, айтылған сөз, атылған оқ», – деді депутат.

Оның пікірінше, саясаткерлер өздеріне қатысты айтылған сын-пікірге, айыптауларға қоғам алдында жауап қатуы тиіс. Сонда ғана саяси мәдениетті мемлекет құра аламыз дейді ол.

Сондай-ақ депутат Жанболат Мамаймен жеке таныс екенін және дөңгелек үстелдерде пікірлес болғанын айтты.

«ҚОНАҚ ҮЙ, РЕСТОРАН, БАЗАР»: АРЫСТАНБЕК МҰХАМЕДИҰЛЫ ОТБАСЫНЫҢ БАЙЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ШЫНДЫҚТЫ ЖАЙЫП САЛДЫ



Айтуынша, оның отбасын қаржы полициясы бірнеше рет тексеріп, ешқандай заңсыздық таппаған.

Бұрынғы Мәдениет және спорт министрі, ҚР Ұлттық музейінің директоры Арыстанбек Мұхамедиұлы соңғы кездері меншігіндегі дүниелерге қатысты айтылып жүрген әңгімелерге жауап берді. Qasqa Jol Youtube-каналына берген сұхбатында ол отбасы мүшелерінің атына тіркелген нысандарды тізіп шыққан.

Оның сөзінше, Елордадағы «Дипломат» қонақ үйі мен «Шапағат» базарында, тағы басқа орталықтарда Мұхамедиұлы отбасының үлесі бар.

«Жұбайымның атында The Family деген кафе бар. Мен туралы видеода айтылғандай 2000 емес, 900 шаршы метр. Өткен жылы «Қазақ энциклопедиясын» (баспа үйі) сатып алдық. Ол нақты жұбайымның атында. Екі ұлымның атында «Alem Education System» білім орталығы бар. Қазір колледжді де алдық. Халықаралық колледждің негізгі бағыты – туризм, мейрамхана ісі, аудару ісі, аспаздық.

Туризм саласын өзін бірнеше жыл басқарған соң ойласам, бізде «сервис» жоқ. Сондықтан колледж бен қонақ үйді біріктіріп жатырмыз. Білім саласымен айналысатын компанияға «AiDimZhan-CO» деген ат қойдық. Ол менің үш баламның аты – Айжан,

Димаш, Жандос», – дейді ол.

Экс-министр «Дипломат» қонақ үйі туралы да айтып өтті.

«Дипломаттың» 71%-ы менің енемнің атында. Оны біз 2020 жылы сатып алдық. Ал, «Bali Spa» орталығы «Дипломаттың» бір бөлігі. Декларация бар. Мен жастайымнан еңбекқормын. Астанаға көшіп келгенде 2000 жылы әйелім екеуіміз «Якутские бриллианты» деген дүкен ашқанбыз. Себебі оның үлкен ағасы Якутияда тұратын. Interscontinental қонақ үйінің ішінен орын жалға алып, іс бастадық. Әрі қарай тағы түрлі ұсыныстар болды. Сосын газ компаниясымен айналыстық (Тауекел-Т ЖШС). Қазір басқа дүниелер алу үшін ол компаниядан шықтық. Егер осының бәрін жасыратын болсам дүниемді оффшорға тығар едім ғой», – дейді Мұхамедиұлы.

Оның айтуынша, отбасын қаржы полициясы бірнеше рет тексеріп, ешқандай заңсыздық таппаған. Экс-министр «Шапағат» базары жайындағы әңгіменің рас екенін де растады.

«Елордадағы «Шапағат» базарын тұңғыш қызым Айжан Мұхамедиге ұсыныс болған соң, жақын араласып жүрген азаматтармен бірге алдық. 45%-ы Айжанға тиесілі. Бизнес түрінде емес, достық қарым-қатынас болсын деген ырыммен алынған дүние ғой. Барлығы былтыр алынған. Министр болып жүргенде алсақ «бұл қалай» деуге болар еді. Айжан қызымды биыл тұрмысқа беріп жатырмыз, қуаныш болып жатыр. «Шапағат» та сыйлықтың бірі», – деп түсіндірді Ұлттық музей директоры.

Сонымен бірге ол 540 шаршы метрлік жер үйде тұратынын айтады.

Арыстанбек Мұхамедиұлының сөзінше, жақында ол туралы тараған видеода көрсетілген Көктөбедегі сарай мен ипподром оның отбасына тиесілі емес.

МҰРАТ ӘЙТЕНОВ ТӨРТ АУДАН ӘКІМІНЕ СЫН АЙТТЫ



Шымкент қаласы әкімі М.Әйтемов қала аумағындағы санитарлық тазалау, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары бойынша Абай, Әл-Фараби, Еңбекші, Қаратау аудан әкімдерінің есебін тыңдады.

Көктем шыға қала үйілген қоқыс пен ойдым жолдың ортасында қалатынын айтқан қала әкімі бүгінде шаһар шаһы бұрқырап тұрғанын айтып, төрт аудан әкіміне сын-ескертпе айтып, қала тазалығын ретке келтірмесе аудан әкімдерінің жауапкершілігі қаралатынын жеткізді.

«Биылғы жылдан бастап қаланың санитарлық тазалығын қамтамасыз ету жұмыстары қалалық энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасынан төрт аудан әкімдеріне жүктелді. Бұл шешімнің басты мақсаты – жұмысты оңтайландырып, аудан әкімдерінің құзырын күшейтіп, аудан әкімі мен тұрғындар арасындағы кері байланысты нығайту болатын. Бірақ маған алдын ала берілген ақпаратқа сәйкес, қала тазалығы тиісті дәрежеде деп айтуға қиын», – деді қала басшысы.

Әкім Абай ауданындағы «Жаңаталап»,

тұрғын алабындағы Бадам өзенінің бойындағы коқыстар, «Ақжар», «Қызылжар», «Ақтас», «Қазығұрт» шағын аудандары мен тұрғын алаптарының көрінісі сын көтермейтінін айтып, аудан аумағында тұрмыстық және құрылыс қалдықтары жиналмайтынын және өзен арналарында пластик заттар мен өлі мал көптеп кездесетінін атап өтті.

Дәл осындай жағдай Әл-Фараби ауданындағы «Сәуле» шағын ауданы мен Терешкова, Хлопзавод көшелерінде, Еңбекші ауданының «Бадам-2», «Тұрдыбад», «Жыланбұзған» тұрғын алаптары және №12, №15 шағын аудандарында, әсіресе Қаратау ауданының «Бозарық», «Тұран», «Қайнар-бұлақ», «Шапырашты», «Асар-2», «Достық» шағын аудандарында және «Әкімшілік-іскерлік орталығында» да орын алған деді.

Әлеуметтік желіде де қаланың санитарлық тазалығы туралы сыни материалдар көптеп кездесетінін айтқан қала әкімі бұл аудан әкімі мен оның санитарлық тазалыққа жауапты орынбасарының тиісті деңгейде жұмыс атқармайтынын аңғартады деді. Мәселен, әлеуметтік желілердегі парақшаларда бір аптада Қаратауға қатысты – 18, Абай мен Еңбекшіге қатысты 11, Әл-Фарабиге қатысты – 6 сыни материал жарық көрген.

Сонымен қатар, М.Әйтемов тазалыққа тікелей әсер ететін ретсіз сауда орындары мәселесіне де тоқталып өтті. Бұл мәселенің жылдар бойы шешілмеуі тек аудан әкімдері ғана емес, Жергілікті Полиция Қызметінің өз міндеттеріне немқұрайлықпен қарау салдарынан деді.

Сөз соңында әкім республикалық қала мәртебесіне лайықты таза қала болуы үшін, тұрғындардың мәдениетін көтеріп, бюджеттен бөлінген қаржыны тиімді жұмсау қажет екенін және жұмысты бір-бірлеріңізге сілтемей бір ұжым ретінде жұмыс жүргізуге шақырды.

ШЫМКЕНТТІК КӘСІПКЕРЛЕР БАС КӨТЕРДІ



Қолына плакат ұстаған олар «қала әкімі шықсын» деп ұрандатты.

Шымкентте кәсіпкерлердің бас көтеруінен кейін санитарлық қаулыға өзгерістер енгізілді, деп хабарлайды КТК телеарнасы.

Балмұздақ, дөнер сияқты тамақтарды сыртта сатумен айналысатын 70-тен астам кәсіпкер бас санитар дәрігердің қаулысына наразылық танытып, әкімдіктің аулына жиналған. Себебі, карантин шектеулері бір-біріне кереғар дейді жиналғандар. «Шенеуніктер білгенін істеп кетті» деген олар әкіммен кездесуді талап етіп, тіпті шахардың бас санитары жұмыстан кетсін деген талап қойды.

Шымкент «қызыл» аймаққа кірген соң, күні кеше күшейтілген қаулы шыққан еді. Бірақ құжат шағын кәсіп иелеріне ұнаған жоқ. Балмұздақ, дөнер мен фастфуд сататын 70-тен астам кәсіпкер таң ата қала әкімдігіне жиналды. Қолына плакат ұстаған олар қала әкімі шықсын деп ұрандатты. Карантиннен қажығандар соңғы шыққан қаулыға наразы. Құжатта сыртқа тамақ шығарып сататындар мен базарға, моншаларға бірдей шектеу қойылған. Кешкі сағат 10-нан кейін қызмет көрсетуге тыйым салынған. Осындай ереже ойлап тапқан қаланың бас санитары Әбдіманап Төлебаев екеніне сенімді топ шенеуніктің келуін талап етті. Қауламаған әкімдік қызметкерлері полициядан да ықпаймыз дейді. «Сіздер қазір қамауға дайын келіп тұрсыз ба?»

«Біз өлуге де дайынбыз. Ниетіміз дөкір, олар ойлағанның да. Отырып алып анау болады, мынау болмайды дейді. Ақ-қарасын ажыратпай, өзінше шешім қабылдап отқан


жігіттердің бірі – Төлебаев қазір кәсіпкердің тек алдымызды орап жатқан жалғыз адам деуге болады. Мен және кәсіпкер, баршамыз біріге Төлебаев жұмыстан кетсін дейміз», — кәсіпкер Арман Таңсықбаев.

Шулы топты шенеуніктер әкімдікке емес, жанындағы көрме орталығына шақырды. «Не нәрсеге болса да дайынбыз» дегендерден қорықты ма, әлде уақыты болмады ма, не әкім, не бас санитар келген жоқ. Десе де ашулы топты емес, тілшілерді кабинетінде қабылдауға келіскен Әбдіманап Төлебаев жылы орнынан кеткісі келмейтінін ашық айтты.

«Мен отставкаға кететіндей саяси қызметкер емеспін – біріншіден. Екіншіден, мен әкімшілік, мемлекеттік қызметкермін. Қазір өзімнің күш-жігерімді, білімде және де бағытыма жұмыстан кететін жағдайда деп санамаймын. Ол кісілер не айтпайды, не қоймайды», — дейді Шымкент қаласының бас санитар дәрігері Әбдіманап Төлебаев.

Дегенмен кәсіпкерлерге өкпеленген бас санитар ешкімге қысым көрсетілген емес, көрсетілмейді де деп сендірді. Оның айтуынша, қаулыны шығарған бір өзі ғана емес, қаланың бүкіл шенді-шекпендісі ақылдасып шешкен.

Қалай болғанда да шымкенттік шенеуніктер қаулыны өзгертуге мәжбүр болды. Енді тамақты сыртта сататындарға түнгі сағат 10-ға дейін емес, тәулік бойы қызмет көрсетуге мүмкіндік берілді. Ал даулы қаулыны өзгертуге бар-жоғы жарты-ақ сағат уақыт кетті. Бірақ ақжағалылар осыдан кейін карантиннен күйдік деген өзге де кәсіп иелері әкімдік алдында шуламасын деп қорқады.



«ҚУАТ» ОСЫЛАЙ ҚҰЛАҒАН. «BI GROUP», «БАЗИС» СЫНДЫ ҚҰРЫЛЫС АЛПАУЫТТАРЫ НЕГЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЖАСЫРЫП ОТЫР?

Елімізде жүйекұраушы деп саналатын, мемлекеттен түрлі жеңілдіктер алып отырған ірі құрылыс компаниялары белгісіз себептермен өзінің қаржылық есептерін интернеттен алып тастаған. Неге?

Демек, олардың табысы шаш-етектен немесе қаржылық жағдайы мез емес. Алғашқысы болса қуанар едік. Бірақ қаржылық жағдайлары мез болмаса, онда құрылыс алпауыттарының болашақтағы банкроттығы ел экономикасына үлкен проблемалар тудырып, мемлекеттің тұрғын үй саясатын біржолата тұралатады. Ең бастысы – салынбаған үйге қаржыларын құйып қойған көптеген азаматтар ақшаларын жоғалтып, әлеуметтік наразылықтар соңы түрлі

митингтерге ұласпақ.

«Салықтан жалтарту мақсатында құрылыс компаниялары көбіне ондаған ЖШС, ИП формасында көптеген ұсақ компаниялар ашып тастайды», – дейді қаржы сарапшысы Расул Рысмамбетов. «Мысалы бір құрылыс жобасына арнайы бір компания ашылады. Тіпті көбісі жеңілдетілген 3 пайыздық салық қана төлеу үшін жеке кәсіпкер ретінде тіркелуі мүмкін».

«Нәтижесінде құрылысшылар тиімді салық мөлшерлемесін 3-5% дейін төмендетеді алады. Сонымен қатар, дәлелдеуі қиын болса да мынадай факт бар, құрылыс компаниялары кейін бағаны көтеріп сату үшін басқа компанияларға ондаған пәтерлерді алдын-ала өткізіп жібереді»

Құрылыс холдингтері жүздеген

компания ашып тастайтындықтан, олардың шын мәніндегі қаржылық жағдайын бақылау өте қиын. Әсіресе, «BI Group» осындай схемаларды жиі қолданады. Және оның салдары өте қауіпті болуы мүмкін. Көп жағдайда құрылыс компаниялары салынып бітпеген нысандары үшін инвестор ретінде қарапайым халықты тартады. Сондықтан олардың кенеттен банкротқа ұшырауы 2007-2008 жылдары басымыздан өткен «алданған үлескерлер» армиясының қайтадан пайда болуына әкелмек.

Екінші жағынан, олар «Қазақстанның тұрғын үй компаниясының» кепілдігін

пайдаланған болса, онда мемлекеттік бюджет орасан шығынға батып, құрылысшылардың қателігін халықтың қалтасынан өтеуге мәжбүр болады.

Наурыздың соңғы күндері «BI Group» құрылымына кіретін «Мегастрой лтд» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі АІХ (МФЦА) биржасына шығып, жылдық 18% ставкамен 6,1 миллиард теңге қаржы тартқан. Елдегі биржалардағы, әсіресе, Қазақстан қор биржасындағы орташа ставкалардың 12 пайыздан аспайтынын ескерсек, «Мегастрой лтд» компаниясының қарызды тым қымбатқа алып отырғанын байқаймыз. Сарапшылардың айтуынша, көп жағдайда компаниялар банктер қаржылық жағдайын саралап, несие

беруден бас тартқан кезде біржаға шығып, жоғары ставкамен қарыз алуға мәжбүр болады. Құрылыс компанияларының халықаралық аудиторлардың (үлкен төрттік) тексеруінен өтіп, ашық есеп жариялауы осындай әңгімелерге бірден тоқтау қоя алар еді. Бірақ алпауыттар өзінің қаржы жағдайын тыңғылықты жасырып отыр.

«Әрине, құрылыс компаниялары жеке құрылым болып саналатындықтан теориялық тұрғыдан ешкім оларды есеп беруге мәжбүрлей алмайды. Бірақ, менің білуімше, «BI Group», «Базис» және одан басқа ондаған құрылыс компаниялары мемлекеттен жер алып, тегін инженерлік коммуникациялар

тартқызып, мемлекет қолдауын көріп отыр», – деп жалғастырады Расул Рысмамбетов.

«Демек оларды қоғамдық ашық компаниялар деп атауға болады. Сондықтан олардан толық есеп беруді талап ету кәсіпкерлік құқықты бұзу болып саналмайды. Сонымен қатар, құрылысқа қатысты түрлі жанжалдардан кейін мемлекет тәуекелдерді шынымен түсіну үшін бәрібір осындай қадамға баратыны анық»

Nege.kz өз кезегінде құрылыс нарығының екі ең ірі алпауыты – «BI Group» холдингі мен «Базис» корпорациясына журналистік сауал жолдады.

СУ РЕСУРСТАРЫ: ӨЗЕНДЕР НЕГЕ ТАЯЗ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЛАЙ ТҮЗЕТУГЕ БОЛАДЫ?

Басқаруға тым көп адам қатысады, бірақ жеке жауапкершілік көтермейді.

Су саласында көптеген проблема бар, өйткені бұл саладағы басқару тым бөлшектелген. Су саясатына сегіз министрлік және 150-ден астам бөлімшелер мен ұйымдар қатысады, бірақ үйлестіру жоқ. Сонымен қатар, су энергетикасы – «жасыл экономиканың» құрамдас бөліктерінің бірі. Ал ауыз судың маңыздылығы жылдан жылға артып келеді.

Бұл туралы Мәжіліс депутаты Зулфия Сүлейменова Асқар Маминнің атына жолдаған сауалында жазды.

Бұл ретте депутат жағдайды түзету бойынша кейбір шараларды ұсынды.

Сегіз министрлік әрекеттерді үйлестіре алмайды

Депутат су қауіпсіздігін қамтамасыз ету – стратегиялық міндет екенін атап өтті. Мұны президент 26 қаңтарда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында да атап өтті.

Бұл салада шаралар қабылдануда. Бірақ Сүлейменова су тапшылығы мәселесі жылдан жылға шиеленісіп келе жатқанын айтады.

– Өзендердің таяз болуы және көлдердің кебуі, тұщы судың ұзақ мерзімді қорларының мұздықтар еруі, жер асты бассейндерінің қарқынды ластануы байқалады. Әрине, бұл мәселелер Су ресурстарын басқару жөніндегі ұлттық жобамен қамтылуы тиіс, – деді ол.

Депутат негізгі проблемаларды атап өтіп, жүйелік шешім әлі табылған жоқ

деген ой айтты.

Біріншіден, су ресурстарын басқарудың мемлекеттік жүйесі бөлшектелген.

– Бүгін


су мәселесімен сегіз министрлік, жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының компаниялары айналысады

Атап айтқанда, су қорын пайдалану саласындағы саясатпен ЭГТРМ, мелиорациямен – АШМ, тарифтерді қалыптастырумен және экономика салаларын сумен қамтамасыз етумен – ҰЭМ, сумен жабдықтау және су бұруды үйлестірумен – ИИДМ, трансшекаралық өзендермен – ЭГТРМ және СИМ, ірі СЭС басқарумен – Самұрық-Энерго, жерасты суларын барлау және қайта бағалаумен – әкімдіктер айналысады. Су ми орталықтары БҒМ мен АШМ-ге жатады, – деп атап өтті ол.

Осылайша, су саясатын жүзеге асыруға 172 құрылымдық бөлімше мен ұйым тартылған. Бірақ үйлестіру жоқ.

– Мысалы, Ақтөбе облысындағы Көкжиде жер асты суларының стратегиялық кен орнын қайта бағалаумен Табиғат пайдалану басқармасы емес, облыстық әкімдіктің Энергетика және ТКШ басқармасы айналысады. Көкжиде Ембі, Темір және Атжақсы өзендерінің есебінен қоректенеді.

Басқаша айтқанда, Көкжиде күрделі су экожүйесі ретінде емес, тек ауыз су қоры ретінде қарастырылады, ол ауыз су түрінде экожүйелік қызметтерді ұсынады.



Бұл ресурсты толық түсіну жоқ екенін көрсетеді, – деп есептейді Сүлейменова.

Мемлекеттік саясаттың басымдығы Екіншіден, салада су мамандары тапшы.

– Білім мен тәжірибе жинақталған бірнеше ғылыми институттар материалдық-техникалық қамтамасыз етудің қарапайым проблемасына тап болады. Осылайша, География және су қауіпсіздігі институты – су саласындағы жабық сипаттағы жобаларды жүзеге асыратын және Қытаймен су жөніндегі келіссөздерді сараптамалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін жалғыз институт – бірнеше жылдан бері өзінің жеке ғимараты мәселесін шеше алмай келеді, – деп атап өтті депутат.

Әрі қарай, ол өткір мәселелерді шешу үшін бірнеше шараларды ұсынды.

Су саясатын шоғырландыру және экожүйелерінің біртұтастығын ескере отырып, су ресурстарын басқару жүйесін оңтайландыру. Бұл ретте осы кешенді және маңызды мәселенің шешімін бір министрлікке немесе бір әкімдікке ауыстыруға болмайды

әсіресе су дипломатиясы саласында және басқа да сұранысқа ие мамандықтар бойынша су айдаушы мамандарды даярлауды қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың келіссөз процестеріне кірігуін қамтамасыз ету

су ми орталықтарын барабар материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселесін шешу

– Су қауіпсіздігі мәселесі сөзбен емес, іс жүзінде мемлекеттік саясаттың басымдығына айналуы тиіс, – деп түйіндеді ол.

Роман ИВАНОВ



ӘБИЯЗОВ ПЕН ХРАПУНОВТЫҢ БАСТАРЫНА КҮН ТУДЫ

Нью-Йорк федералды соты Мұхтар Әбіязов пен Илья Храпуновтың жүздеген миллиондарды ұрлағаны және жылыстатқанына қатысты талаптар «сотта мәні бойынша қарастырылсын» деп қаулы етті. Бұл туралы ҚР Әділет министрлігінде айтты, деп хабарлайды Ardak.kz ҚазАқпаратқа сілтеме жасап.

«2021 жылғы 29 наурызда АҚШ Окруттік сотының судьясы Элисон Нейтан М.Әбіязов пен И.Храпуновтың өтінішін қабылдамай, барлық төрт талапты (заңсыз иемдену; негізсіз баю; меншік құқығы және Нью-Йорктің азаматтық практикасы туралы ережелері мен § 5239 заңына сәйкес талап қою) сотқа жіберуге рұқсат берді. Судья Нейтан ұсынылған мағлұматтардың қомақты тізімін мұқият зерделеудің негізінде Triadou-дың АҚШ-қа инвестициялаған қаражатын Мұхтар Әбіязовтің ұрлағанын, кейіннен оларды АҚШ-та Лияс Храпуновтың және басқалардың біле тұра жылыстатқандығын растайтын «елеулі дәлелдемелердің» бар екенін атап өтті», - делінген ҚР Әділет министрлігінің ақпараттында.

Судья Элисон Нейтан барлық төрт талапты сотқа жіберу керектігін шешкен. «Сондай-ақ, судья Нейтан Triadou-дың БТА-дан ұрланған ақша Tradestock-қа берілген несиелердің жиынтығы болып табылатындығы және олардың кейіннен толығымен қайтарылғандығы туралы уәжін толығымен жоққа шығарды. Бұл уәжді қабылдамай, судья Нейтан Әбіязовтің БТА-ны алдау үшін өзінің жалған компанияларына жалған несие бергенін егжей-тегжейлі айтып берді (БТА-дан алынған «несиені» одан кейін БТА-дан ұрланған қаражат есебінен өтеу). Судья Нейтанның келесі анықтамасын атап өткен маңызды: «банктің бұрынғы төрағасы Мұхтар Әбіязов өзінің ықпалын өзі бақылайтын компанияларға жалған несие беру арқылы миллиондаған долларды ұрлау үшін пайдаланды».

Бұл қаражаттардың шығу тегіне үнілсек, олардың жасанды компаниялардың

лабиринті арқылы Triadou-ға келгендігі көрінеді. Бұл дәлелдер кез келген білікті алқабидің Triadou ақшаның ұрланғандығын біле тұра, оларды жылыстатуға көмектескен деген қорытынды жасауына мүмкіндік береді». Судья Нейтан сонымен қатар деректердің «Виктор Храпуновтың қала әкімі бола тұра, Алматыдан миллиондаған доллар жымқырғандығын» растайтындығын және АҚШ-қа салынған барлық ақшаның ізі БТА-ға дейін байқалатыны сөзсіз екендігін анықтады», - делінген министрлік сайтында. Мәлім етілгендей, АҚШ судьясы Э.Нейтанның Triadou-дың жеделдетілген шешім қабылдау туралы өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы

шешімі БТА-ның өзінің Triadou-ға қарсы талап-арыздарын және М. Әбіязов пен И. Храпуновтың құқықбұзушылықтарының дәлелдерін Нью-Йорк сот залындағы алқабилердің назарына ұсынуына мүмкіндік берді.

Енді өтінімхаттар қаралып болғандықтан іс сотқа жіберіледі. COVID-19 шектеулеріне байланысты соңғы сот отырысының нақты күні кейінірек белгілі болады. ҚР Үкіметінің консультанты – «Boies Schiller Flexner LLP»-дың серіктесі Мэттью Шварц: «Талапкерлер соттың ұсынылған дәлелдемелерге мұқият назар аударғандығын жоғары бағалайды. Әбіязов, Храпуновтар және олардың сыбайластары сот процесіне адал қатысудан бірнеше рет бас тартып, көптеген сот қаулыларын бұзғандығына және дәлелдемелердің бір бөлігін қасақана жойғандығына қарамастан, олардың құқық бұзушылық жасауға қатыстылығын растайтын құжаттардың көлемі жеткілікті. Талапкерлер бұл дәлелдемелерді Нью-Йорк алқабилер сотына ұсынууды асыға күтуде», - екендігін мәлімдеп, қабылданған шешімді қорытындылады.

Нью-Йорктегі «Flatotel» сот талқылауына Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (Алматы қаласы әкімдігінің атынан) «БТА Банк» АҚ – мен бірлесіп, бес жыл бұрын Әбіязовтің, Храпуновтар отбасының және олардың қылмыстық сыбайластарының ұрланған ақшаны АҚШ-та жылыстатқаны үшін айыптау бойынша бастамашылық жасаған болатын. Әбіязов жалған несие беру арқылы БТА-дан миллиардтаған доллар ұрлады, ол үшін ол Қазақстанда сотталып, Біріккен Корольдіктің соттары оны кінәлі деп таныды. АҚШ-тағы іс жүргізу барысында талапкерлер Әбіязовтің құқықбұзушылықтарын растайтын қосымша елеулі дәлелдер жинады, сондай-ақ көптеген куәлардың жауаптарын сотта қамтамасыз етті.

БІЛІМ БЕРУ ЗАҢНАМАСЫН БҰЗҒАН МЕКТЕПТЕР АНЫҚТАЛДЫ



8 лауазымды және заңды тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Түркістан облысында білім беру заңнамасын бұзған мектептердің лицензиясы тоқтатылды, — деп хабарлайды Ardak.kz.

Түркістан облысында ағымдағы жылдың 4 айында 93 өтініш тіркеліп, тексерулер нәтижесінде 8 лауазымды және заңды тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Білім заңнамаларын бұзғаны үшін 12 лауазымды тұлғаға нұсқама берілген. Сондай-ақ, екі мектептің лицензиясы уақытша тоқтатылып, 115 айлық есептік

көрсеткіш көлемінде айыппұл салынды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар орталығында өткен брифингте облыстық білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Бақытжан Мұхамеджанов мәлімдеді.

«Мемлекеттік бақылау шараларын орындау барысында жоспарға сәйкес, 2021 жылдың 1-жартыжылдығында профилактикалық бақылау жүргізіліп, нәтижесінде 30 білім беру ұйымында кемшіліктер анықталып, нұсқамалар берілді. Бұдан өзге, департамент тарапынан ҚР-ның «Педагог мәртебесі туралы» заңының талаптарын бұзған үшін 2 лауазымды тұлғаға шара көрілді. Сондай-ақ, заңнамаға сәйкес балалардың білім беру ұйымдарындағы сабаққа дұрыс қатысуын қамтамасыз етпегені үшін ата-аналарды әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы қаулы шығып, 29 170 теңге көлемінде айыппұл салынды», - деді Бақытжан Қалжанұлы.

Департамент тарапынан облыс аумағындағы мектептерде білім беру ұйымымен бекітілген педагогикалық әдеп бойынша кеңестің құрылмауы, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі 35 %-дан кем болуы сынды деректер анықталған.

ШЫМКЕНТТЕ БАСПАНА МӘСЕЛЕСІМЕН ӘКІМДІККЕ БАРҒАН ӘЙЕЛДЕР ЖОЛДЫ ЖАУЫП ТАСТАДЫ

Көпбалалы аналар қала әкімі Мұрат Әйтеновтің шығуын талап еткен Бүгін Шымкент қаласы әкімдігінің алдында 30-ға жуық әйел баспана мәселесін көтеріп, қала әкімі Мұрат Әйтеновтің кездесуге шығуын талап етті. Сағат 10-нан бастап түске дейін қала әкімін күткен әйелдер талабы орындалмаған соң, әкімдік маңындағы көлік жүретін көшені жабуға әрекеттенді, деп хабарлайды Azattyq Rýhy тілшісі.

Әйелдердің жолды жауып тұрған видеосы әлеуметтік желілерде тараған. Олар қолдарына «Баспана берілісін», «Әр балаға 42 500 теңгенде» деген жазуы бар плакаттар ұстап шыққан.

Ал, қала әкімдігіндегілер әйелдер әкімдік алдына еш ескертусіз келіп, бірнеше заңбұзушылыққа жол бергенін айтады.

«Таңғы сағат 10-нан бастап әкімдіктің алдына 30-ға жуық әйел келіп, «бізге баспана беріңдер» деп талаптарын қойды. Алдын ала ескертусіз, санитарлық арақашықтық сақтамай, көшені жауып, бірнеше заңсыздыққа жол берді. Олардың арасында Үкіметтен үй алу кезегіне тұрмағандар бар. Әкімдіктің алдына келіп айқайлағандардың мәселесі шешіле бермейді ғой. Біздің тарапымыздан үйлердің тек заң аясында берілетіні түсіндірілді, түсінгендер бірден үйлеріне қайтса, түсінбегендер әкімдік алдында тағы біраз тұрды. Кезекті бұзып, ешкімге пәтер бере алмаймыз. Талаптардың арасында «уақытша пәтермен қамтамасыз етіңіздер» дегендер де болды. Бірақ



әкімдіктің ондай қаржылық мүмкіндігі жоқ. Келген қыз-келіншектер «Күн сайын әкімдіктің алдына келеміз» деген мәлімдеме жасады. Қаласа бір апталап тұрсын, бірақ ол әрекетінен ештеңе шықпайды. «Кезек неге тез жылжымайды?» дейді. Бүгінде Шымкент қаласы бойынша 43 мың адам пәтер кезегінде тұр. Жыл сайын әлеуметтік жеңілдік бойынша 100 пәтер берілсе, оның жартысы көпбалалы аналарға, жартысы жетімдерге, Ұлы отан соғысы ардагерлеріне деген санаттағы тұрғындарға заң аясында беріледі», - деді Шымкент қаласы әкімінің баспасөз хатшысы Бекен Қоныс.

10 минуттай көлік қозғалысына кедергі келтірген келіншектерді полиция қызметкерлері жол жиегіне шығарған. Талабы орындалмағанына наразы он шақты әйел әкімдік алдына қайта барған.

Айжан ҚАЛИЕВА

ӘКІМДЕР ЖАРЫСЫ: РЕЙТИНГІҢІЗ ҚАЛАЙ?



Әлем елдерінде өмір сүру сапасы бойынша рейтинг жиі жасалады. Сол арқылы қай мемлекеттің қалай өмір сүріп жатқанын білуге болады. CSI Стратегиялық бастамалар орталығы да еліміздегі өңірлердің рейтингін ұсынды. Және бұл әдеттегі көп рейтингтерден өзгеше.

CSI серіктесі, экономист Олжас Құдайбергенов рейтинг бес бөлімді қамтығанын айтады. Атап айтқанда: білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік-экономикалық белсенділікті ынталандыру, өмір сапасы, мемлекеттік басқару сапасы. Жан-жақты дерек пен мәлімет жинау үшін Ұлттық статистика бюросы, әкімдіктер, Қаржы министрлігі және «Ашық диалог» портал көрсеткіштері қолданылыпты.

Сонымен, алғінде аталған бес бөлім бойынша сарапталған рейтингтің көш басында қай өңір тұр? Көрсеткіш әкімдіктердің жиілігіне, маңыздылығына және әсер ету дәрежесіне байланысты әр түрлі салмаққа ие. Жылдық және тоқсандық көрсеткіштердің жалпы салмағы әрқайсысы 50 балды құрайды. Аймақ үшін ең жоғарғы балл – 100.

Бірақ рейтинг бойынша облыстардың ешқайсысы 100 балл жинай алмады. Неге? Бұл сұраққа үніліп көрсек, бізде әлгі бес бөлім бойынша көш ілгері жылжып тұрған өңір жоқ. Мәселен, ауыз су мәселесі бойынша көрсеткіштің ауылы шынайы өмірдегіден алыс сияқты. Мұндағы алғашы алтылыққа кірген Алматы, Шымкент, Қарағанды, ШҚО, Нұр-Сұлтан қаласында да ауыз су мәселесі шешілмеген елді мекендер баршылық. Алайда, «рейтингте топ-7 өңірдің ішіне кірмегенімен, осы көрсеткіш бойынша Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Қызылорда облыстары 7 үздік өңірдің қатарында» делінген.

Сол сияқты халықтың жан басына шаққандағы жалпы тұрғын алаңының болуы дегенге келсек, Нұр-Сұлтан, Алматы қаласы, Маңғыстау, Шымкент Қарағанды, Ақмола, Атырау өңірі баспанаман камту жағынан алдыңғы орында екен.

Медициналық мекемелердегі орын жетіспеушілігі бөлімінде 10 өңірде ауруханада төсек саны жеткілікті, яғни 10 мың адамға 50 төсектен жоғары делінген.

Атап айтқанда, рейтингте Қарағанды, СҚО, Ақмола, ШҚО, Нұр-Сұлтан, Павлодар, Алматы қаласы, БҚО, Қызылорда, Қостанай облысында орын жетіспеушілігі мәселесі шешімін тапқан.

Бұған дейін, яғни індетке дейін елімізде ауруханада орын жетіспеушілігі мәселесі өзекті еді. Коронавирус инфекциясы жайлаған уақытта төсек тұрмақ, аурухана жетіспейтіні анық көрінді. Бұл түйткілді модульді ауруханалар салып, шешуге тырысқанымыз да рейтингке оң әсерін тигізген сияқты.

Жемқорлық және лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдаланудың тіркелген фактілері бойынша, 6 өңірде жемқорлық және лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдаланудың тіркелген фактілері жоқ дейді. Апта сайын жемқорлық дерегі бойынша бір лауазымды тұлға ұсталып жатқан елде көрсеткіштің де оңалуы мүмкін бе? Осы көрсеткіш бойынша Батыс Қазақстан, Түркістан және Солтүстік Қазақстан облыстары үздіктердің қатарына кірген.

Ал үш ауысымда оқытатын мектептің үлесі бойынша, Алматы қаласы, Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстарында үш ауысымды мектеп жоқ деген. Жалпы рейтингте топ-7 өңірдің ішіне кірмегенімен, осы көрсеткіш бойынша Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Түркістан және Батыс Қазақстан облыстары үздіктердің арасында көрінеді. Дәл осы мәселеге қатысты сауал көп. Басқа өңірді қайдам, Алматы қаласының әкімі есеп беруінде «үш ауысымды мектеп санын біржола шешуге тырысып келеміз» деген еді. Демек, бұл мәселе атымен жоқ деген сөз емес.

Рейтингте көңілге қонымдысы мынау: Мектепке дейінгі ұйымдардағы орын мен мектепке дейінгі балалар (3-6 жас) санының ара қатынасы көрсеткіші бойынша 12 өңір бірінші орында, яғни 3-6 жастағы балалардың 100% мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылған. Себебі, қазір әрбір отбасы мектеп жасына келген баласын білім алуға береді. Сондықтан бұл жастағы балалардың бәрі мектеп қабырғасында жүр.

Сонымен, максималды бағалау көрсеткіші бойынша Атырау облысы (76 балл) көшті бастаса, үздік жетілікке Ақтөбе облысы (2-орын), Алматы (3), Нұр-Сұлтан (4), Қарағанды облысы (5), Павлодар облысы (6), Шығыс Қазақстан облысы (7 орын) кірді.

Өңір рейтингін жасаушылардың айтуынша, бұл есепте бірінші рет жүргізілді. Әрі қарай әр тоқсан сайын үнемі жарияланып отыратын көрінеді. «Болашақта рейтинг маңызды көрсеткіштердің анықталуына байланысты сәл өзгеруі мүмкін. Рейтинг әкімдіктердің жұмысын объективті бағалауға мүмкіндік береді және өңірлердің артта қалған көрсеткіштер бойынша жұмысты тиімді құруына мүмкіндік береді деп сенеміз» депті.



Шымкент қаласы инвестиция тарту бойынша республикада 2-орында тұр. Бұл туралы Үкімет отырысының 2021 жылғы I тоқсандағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері бойынша өткен жиында айтылды. Ұлттық экономика министрі Әсет Ерғалиев Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы, инвестиция тарту, құрылыс, тұрғын үйді пайдалануға беру көрсеткіштерінің қарқынды өсіп келе жатқанын айтты. Яғни, өткен жылмен салыстырғанда 45,8 пайызға өскен.

Әсіресе, өнеркәсіп нысандарын салу мен өндіріс құрылғыларын дамыту жоғары деңгейде. Ұлттық экономика министрі Шымкент қаласының жыл басынан бері тұрғын үйді пайдалануға беру бойынша ең үздік көрсеткішке қол жеткізгенін атап өтті.

Быыл 46 инвестициялық жоба іске асады

Былыт қала экономикасына 278,5 млрд теңге инвестиция тартылып, алдыңғы жылмен салыстырғанда 40 пайызға артқан. Сонымен қатар 2020 жылы жалпы құны 88,8 млрд теңгені құрайтын 34 инвестициялық жоба іске асырылып, 2 000 жаңа жұмыс орны ашылған. Ал быыл үшінші мегаполиске 25,8 млрд теңге құйылып, көрсеткіш былтырғыдан екі есе ұлғайған. Сондай-ақ Шымкент қаласының Кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының басшысы Береке Дүйсебековтің айтуынша, алдағы 2021-2025 жылдар аралығында жалпы құны 2,46 трлн теңгені құрайтын 205 инвестициялық жоба іске асырылмақ. Сол кезде Шымкентте 14 мыңнан аса жаңа жұмыс орны құрылады.

Оның ішінде быыл 46 инвестициялық жоба іске асады деп күтіліп отыр. 155 млрд теңгені құрайтын жоба аясында

ШЫМКЕНТ ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУДАН АЛДА КЕЛЕДІ

2,5 мың жұмыссыз жан «екі қолға – бір күрек» табады.

Ал кәсіпкерлік қолдау картасы аясында биыл 1 мың адам жұмыспен қамтылатын 21 жобаның тұсауы кесіледі. «Осынау жобалардың дер кезінде іске асуы үшін мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, басқарма тарапынан тұрақты түрде мониторинг жүргізіліп тұрады», – дейді Береке Талғатұлы.

Одан бөлек, қалада инвестиция тарту бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп жатқанын да айта кеткен жөн. Мәселен, бұл бағытта кәсіпкерлерге «бір терезе» қағидасымен қажетті қызметтер көрсететін «Бизнеске арналған үкімет – Shymkent Invest» фронт-кеңсесі жұмыс істейді.

Мақта майы мен дәрілік заттар өндіруден алда

Сонымен қатар Шымкент қаласы – республиканың ең ірі өнеркәсіптік орталығының бірі. Өңірде 689 кәсіпорын белсенді жұмыс істеп тұр. 32 мыңнан аса адамды жұмыспен қамтыған кәсіпорынның 24-і ірі бизнес нысаны.

Өнеркәсіп өнімінің көлемі 2021 жылғы қаңтар-ақпан айында 115,7 млрд теңгені құрап, 2020 жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда 12 пайызға артқан. Осылайша, республикада 4-орынға тұрақтапты. Жыл басынан бері өңдеу өнеркәсібінде 94,6 млрд теңгенің өнімі өндірілген.

Шаһарда өнім көлемі артқан бірнеше саланы атап өтуге болады. Ең бірінші кезекте қарқынды жүріп тұрған өнеркәсіп жиһаз өндіру саласы болып тұр. Одан кейінгі орынға химия өнеркәсібі, сосын резина және пластмасса бұйымдарын шығару, машиналар мен жабдықтардан басқа дайын металл бұйымдарын өндіру және негізгі фармацевтикалық өнімдер мен жеңіл өнеркәсіп, мұнай өңдеу өнімдерін өндіру, тамақ өнімдерінің өндірісі тұрақтайды. Республикада өндірілетін мақта магдаларының 96,6 пайызы, мақта майының 93,3 пайызы, көміртегі диоксидінің 66,5 пайызы, шұлықтың 60,8 пайызы, дәрі-дәрмектің 35,4 пайызы, цемент клинкерінің 20,4 пайызы және портландцементтің 22,3 пайызы,

мақарон өнімінің 17 пайызы Шымкент қаласының үлесінде.

Сонымен қатар қалада индустрия саласы бойынша ауыз толтырып айтарлық игі істер бар. Үшінші мегаполисте «Оңтүстік», «Тассай» индустриалды, көлік-логистикалық аймақтары мен «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағы жемісті жұмыс істейді.

«Оңтүстік» индустриалды аймағында 62 млрд теңгені құрайтын 72 жоба іске қосылса, «Тассайда» құны 26,3 млрд теңге болатын 17 жоба жүзеге асқан. Ал көлік-логистикалық аймағында іске қосылған 3 жоба аясында 225 адам жұмыспен қамтылған. «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағында жалпы инвестиция көлемі 32,6 млрд теңге болатын 20 жоба іске асырылған.

«Шымкент қаласында алаңы 306 гектарды құрайтын «Жұлдыз» индустриалды аймағы құрылып жатыр. Жаңа аймақта құрылыс, металлургия, фармацевтика және жиһаз өнеркәсібі саласындағы жоба іске асырылады. Сонымен қатар жалпы алаңы 136 гектарды құрайтын «Тепличный рай» агро-индустриалды аймағын құру жұмысы басталды. Мұнда өнеркәсіптік жылыжайлар мен ауылшаруашылық саласындағы жобалар жүзеге асырылатын болады. 8 инвестициялық жобаның тұсауы кесілетін сәт жақын. Бұдан бөлек, Қайнар бұлақ тұрғын алабы маңында ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдейтін «Бозарық» тамақ өнеркәсібі индустриалды аймағын құру жоспарда тұр. Индустриалды аймақта құны 6,7 млрд теңгені құрайтын 6 инвестициялық жобаның өтінімі қабылданды. Олардың ішінде биологиялық қоспасы бар құнарлы құрама жем өндірісі мен сүт өндіру зауытын салу жобасы бар», – дейді басқарма басшысы Береке Дүйсебеков.

1 пайызбен несие беріледі

Мемлекеттік міндеттің бірі – шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту. Қоғамның тұрақты дамуының негізі саналатын осынау салаға билік тарапынан да ерекше көңіл бөлінген. Үнемі қозғалыста болып, қарап отыра алмайтын шымкенттіктер бұл салада да

артта қалмайды. Істің көзін таба білетін еңбекқор халық мемлекет қолдауын тиімді пайдаланып, түрлі шағын кәсіпті қолға алған. Жалпы өңірде 68 264 шағын және орта кәсіп иесі бар екен.

«Бизнесің Жол картасы-2025»

бизнесің қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсібін дөңгелетемін деген жандар үшін биылғы жылға 2 396,0 млн теңге қаралыпты. Оның бірқатары жеңілдетілген пайызбен несие алса, тағы біразы қайтарымсыз мемлекеттік грантқа қол жеткізеді.

Сонымен қатар «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасына 3 576,0 млн теңге бөлініп, бағдарлама шеңберінде 100 жобаға қолдау көрсетілмек. Одан бөлек, «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының екінші бағыты аясында 816,1 млн теңге бөлінген. Несиелерді рәсімдеуді «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ жүзеге асырады.

Осы тұста ерекше тоқталып өтетін жайт, Шымкент қаласының әкімдігі әйелдер мен жастар кәсіпкерлігін дамытуға биыл айрықша ден қойып отыр. «Мен кәсіпкер боламын» деп аталатын бағдарлама аясында осынау санаттағы азаматтарға 10 миллион теңгеге дейін жылдық сыйақы мөлшері 1 пайыздық несие беру көзделген. Бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен 1 060,0 млн теңге қаржы бөлінді.

Ал «Бизнесің Жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде инновациялық жобаларды іске асыруға бағытталған 2 млн теңгеден 5 млн теңгеге дейін мемлекеттік грант үшін құжат қабылдау басталған.

Ендігі міндет мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жеңілдетілген несилерді оңай, әрі жылдам алу үшін «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен «Shymkent ӘКК» АҚ бірлесі отырып, таяу күндері микроқаржы ұйымын ашпақ.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы



тұлғалар мен оның жұбайлары.

«Жалпыға бірдей декларациялаудың мақсаты – жеке тұлғалардың кірістері мен мүлкін бақылаудың тиімді жүйесін құру. Мұндай жүйе көлденкелі экономикаға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске бағытталған, сондай-ақ бюджетке қосымша түсімдерді қамтамасыз етуге ықпал етеді», – деді Ерұлан Жамаубаев.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – мемлекеттік мекемелер мен

МЕМҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ТАБЫСЫН АЙТЫП, МҮЛКІН КӨРСЕТУГЕ МІНДЕТТЕЛЕДІ

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер мен олардың жұбайлары үшін декларациялау енгізіледі.

Мемлекеттік қызметкерлер енді декларация тапсырып, табысын көрсетеді.

Быыл 1 қаңтардан бастап мемлекеттік қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар, олардың жұбайы салық декларациясын тапсырады деп жазды qadam.asia.

ҚР Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаевтың айтуынша, декларацияны тапсыратындардың тізімі кезең-кезеңімен шығады. Мәселен, бірінші кезеңде 430 мыңнан астам табысын көрсетуі керек. Бұлар – мемлекеттік қызметкерлер мен оларға теңестірілген

квзимемлекеттік сектор қызметкерлері мен олардың жұбайлары тапсырады.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер мен олардың жұбайлары үшін декларациялау енгізіледі.

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – азаматтардың қалған барлық санаттары тапсырады.

Ал салықтық декларацияны салық төлеуші кабинет, «Электрондық үкімет» веб-порталы және «E-Salyq Azamat» мобильді қосымшасы арқылы тапсыруға болады.

Салық декларациясы дегеніміз — салық органдарына ел азаматтарының бір жылда қанша табыс тауып, қандай дүние-мүлік алғанын көрсететін есеп.

«ГАЗ БАҒАСЫ ҚЫМБАТТАЙДЫ»

Қазақстанда тауарлық газдың шекті көтерме сауда бағалары бекітілген, деп хабарлайды inform.kz ҚР Энергетика министрінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Баспасөз қызметінің мәліметтеріне қарағанда, 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап тауарлық газдың шекті көтерме сауда бағасы өңірге байланысты 3,8-ден 17,5%-ға дейін төмендетілді және осы уақытқа дейін көтерілген жоқ. Тауарлық газдың шекті көтерме сауда бағасы жер қойнауын пайдаланушылардан сатып алынатын газ бағаларынан, газды тасымалдау және газды жерасты қоймасында сақтау шығыстарынан, сонымен қатар рентабельділік нормасынан тұрады. Сығымдалған және (немесе) сұйытылған табиғи газ өндіру үшін тауарлық газды сатып алатын өнеркәсіптік тұтынушы-инвесторларға тауарлық газдың шекті бағалары газдың өзіндік құнынан тұрады. Қазіргі уақытта ішкі нарықта тауарлық газға бекітілген шекті көтерме сауда бағалары жеткізілетін газдың өзіндік құнынан төмен екендігін атап өткен жөн.

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап министрлік тауарлық газдың шекті көтерме сауда бағаларын өңірге байланысты 3,8-ден 17,5%-ға дейін төмендетті және осы уақытқа дейін көтерген жоқ. Бекітілген шекті көтерме сауда бағалары газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор «ҚазТрансГаз» АҚ үшін тиімсіз болып табылады. 2015-2020 жылдар аралығында Ұлттық оператордың ішкі нарықты субсидиялау шығындары шамамен 425 млрд теңгені, оның ішінде тек соңғы екі жыл ішіндегі (2019-2020жж.) шығындар сомасы 225,6 млрд теңгені

құрады. Осылайша, тауарлық газдың ағымдағы бағаларын Ұлттық оператор субсидиялайды. Осы мәжбүрлі қолдау шарасы газ саласын тұрақты дамытудың тежеуші факторы болып отыр.

Республиканы ішкі газбен жабдықтау жүзеге асырылатын негізгі магистральдар кеңес уақытында салынды, белгіленген ресурстарын өтеді және өте тозған. Ұлттық оператордың ақпараты бойынша, тек соңғы бес жыл ішінде Қазақстанның газ тасымалдау жүйесінде шамамен 67 мың ақау анықталып, бүгінгі күні оның тек 9 мыңы жойылды. Аталған жағдай елдің газ тасымалдау жүйесін қалпына келтіру және дамытуға қажет тарифтерді өсіруге жол бермей ұстап тұру салдарынан қалыптасты. Бұның нәтижесінде ақаулар саны ұлғайып, газ тасымалдау инфрақұрылымының апаттылық қаупі жоғары болып отыр. Осылайша, газ тарифтерін ұстап тұру немесе төмендету келешекте еліміздегі түрлі залалға әкеп соғуы мүмкін.

«Энергетика министрілігі Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газдың шекті көтерме сауда бағаларын, оның ішінде тауарлық газды сығымдалған және (немесе) сұйытылған табиғи газ өндіру үшін сатып алатын өнеркәсіптік тұтынушы-инвесторлар үшін 2021 жылғы 1 шілдеден бастап 2022 жылғы 30 маусымды қоса алған кезеңге арналған шекті бағаларын бекітуді жоспарлайды. Жоғарыда жазылғанның негізінде, тауарлық газдың шекті көтерме сауда бағасын 15%-ға дейін ұлғайтуды көздейтін бұйрық жобасы дайындалды. Бұйрық «Атамекен» ұлттық палатасы мен мемлекеттік органдар жария талқылануда», – делінген хабарламада.



доллар бағамымен есептесек 2.3 млрд доллар деген сөз. Алайда туристік кешен осынша қаржыны қанша уақытта ақтайды? Бұл бойынша нақты жоспарлар бар ма? Мысалы ЭКСПО кешенінің құрылысына 2,1 млрд доллар қаржы жұмсалды. Ол кездегі доллар бағамының өлшемімен бұл 565 млрд теңгені құраған болатын. Алайда жоба өзін ақтамады. Жоба аяқталғаннан кейін арнайы брифинг барысында «шетелден 2 млн турист келді» деген сандар айтылды. Дегенмен бұл көрсеткіш шындыққа сай келмейді. Нұр-Сұлтан қаласы халқының өзі 1 млн тұрғын, ал қонақ үйлер бір мезетте ондай көлемдегі туристі қабылдай алмайды. Оны

жүруде.

Қазақстан осы қателіктерден сабақ алмағанының бір көрінісі аталмыш туристік кешенге қыруар қаржыны бөлуден-ақ көруге болады. Инвесторлар қалайша ақталмайтын жобаға осынша қаржыны жұмсауда? Ақыға сыймайды.

Әлем елдерінде дағдарыс. Коронавирус туристік салаға соққы жасады. Саяхатшылар вирустың салдарынан басқа елге барып, саяхат жасау мүмкіндігінен айырылды. Пандемияның қашан аяқталары белгісіз. Вирустың жаңа штаммдары әлем елдерін әбiгерге салып жатыр. Экономика құлдырап, әлем елдерінде ІЖӨ көрсеткіші түсіп кетті. Бұл

ТРИЛЛИОН ТЕҢГЕ: АҚТАЛМАЙТЫН ЖОБА

Елімізде млрдтаған доллар тұратын туристік кешеннің құрылысы басталмақ. Оған 1 трлн теңге қаржы жұмсалады. Нысан Нұр-Сұлтан қаласының орталығында салынбақ. Туристік кешеннің көлемі 2,6 млн шаршы метр аумақты алып жатпақ. Құрылыс 333 гектар аумақта жүргізіліп, кешеннің алғашқы бөлігін қолданысқа 2022 жылы беру жоспарланып отыр екен.

Туристік кешен «Барыс аренанын»

батыс бетінде орналасқан. Жобаның инвесторлары БАӘ-нің Ellington Properties Development LLC компаниясы, ал бас мердігер Renaissance Construction компаниясы.

Туристік кешеннің ішінде аумағы 15 мың шаршы метр болатын аквапарк, ойын алаңдары, офистер мен қонақ үйлер орналаспақ. Кешенді салуға уақытша негізде 21,3 мың жұмыс орны, ал тұрақты негізде 2 мың жұмыс орны ашылады.

1 трлн теңге дегеніміз қазіргі

тәуелсіз сарапшылар әуежайдағы жолаушы тасымалдау санынан да байқаған. Туристердің келгені рас, бірақ миллиондап емес.

ЭКСПО млрдтаған долларды ақтамаға да, артында LRT құрылысы басталды. Құрылысқа 1.5 млрд доллар бөлінді, оның басым бөлігі Қытайлық банктерден алынған қарыз болатын. Дей-тұра LRT құрылысы аяқталмай, қаржы жымқыру кесірінен жоба тоқтап қалды. Қазір сот процесстері

жүздеген миллион адамның жұмыссыз қалуына әсер етуде. Қазақстанда да бұл үрдіс байқалуда. Бюджеттің әр тиыны маңызға ие кезеңде тұрмыз. Қаржыны нақты экономикаға өсім беретін салаға салу әлдеқайда тиімді болар еді. Тіпті инвесторлар үшін де.

Ка мырза
Abai.kz

ЕҢБЕК ИНСПЕКТОРЛАРЫ НЕГЕ ЖҰМЫС БЕРУШІНІ ҚОЛДАУҒА МҮДДЕЛІ?



Кез келген мемлекеттік орган немесе қызметкер ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» заң талабына сәйкес, мемлекеттік қызметшінің өзіне жүктелген міндеттері аясында құқықтық заң бұзушылықтарға бармауын, лауазымдық өкілеттерін асыра пайдаланбауын, қызметтік тәртіп пен қызметтік әдепті бұзбауын міндеттейді.

Егерде, лауазым иесі тарапынан осы талаптар орындалмаған жағдайда, қызметшінің тәртіптік теріс қылығы деп саналып тәртіптік жаза қолдану үшін негіз болып саналады.

Ал, мемлекеттік қызметкердің іс әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық орын алғанда, оның жасалу мән жайын, толық жанжақты және объективті айқындау мақсатында жинау мен тексеру жөніндегі қызмет болып табылады - делінген.

Елімізде мемлекеттік еңбек институты еңбек қатнастары барысындағы жұмыс берушілер тарапынан еңбек заңдылықтарын бұзбауын, жұмыскерлердің құқықтарын қорғауға бағытталған мемлекеттік құрылым болып саналады.

Бүгінде, еңбек инспекцияларында кәсіби білімі жоғары өз қызметтерінің мәртебесін қадір тұта білетін еңбек инспекторлары жетерлік.

Дегенмен, өкінішке орай өз қызметтерінің мәртебесін жеке басы үшін

пайдаланып еңбек инспекторлары да баршылық көрінеді.

Ендігі әңгімеміз осындай бір еңбек инспекторы жайлы болмақ.

Мен 2019 жылы «Шымкенттурист» ЖШС еңбекті қорғау инженері ретінде қызмет істеген болатынмын. Еңбек келісім шарты бойынша менің жалақым

40 000 теңге мөлшерінде болатын. Мемлекеттік ұсталымдарды шегергенде мен айына 30 000 теңге қазан айына дейін, яғни 9-ай жалақы алып келген болатынмын.

2019 жылдың қаңтарынан бастап, Үкімет қаулысына сәйкес, ең төменгі жалақы 42 500 теңге мөлшерінде белгіленген болатын.

Жұмыс беруші осыған сәйкес менің жалақымады 42 500 теңгеге дейін көтеріп, тиісті үстеме ақшаны бермеген соң, өзім осы мәселе жөнінде жұмыс берушіге ұсыныс жасадым. Алайда, жұмыс беруші менің осы ұсынысымады белгіленген тәртіппен қарап шешудің орнына, сіз қазан айынан бастап жұмыстан босағасыз деп таңқалдырды.

Сонда қалай, мен жұмыстан шығу жайлы өтініш бермесем, болмаса жұмыс беруші тарапынан еңбек шартын бұзу үшін ескерпе хат алмасам қалай мені жұмыстан босата салады екен? Заң қайда, белгіленген тәртіп қайда дегендей!

Бұл деген сөз, жұмыс беруші еңбек заңдылықтарынан хабары жоқ, бұрын басшы қызметте істемегенін байқатады.

Жұмыс берушінің еңбек қатнастары туралы білімінің талапқа сай еместігін байқаған соң, Шымкент қаласы еңбек инспекциясы басқармасына арыздандым.

Арызда көрсетілген менің уәждерімді тексеруге келген еңбек инспекторы, маған жолығып мән жайды біліп, еңбекті қорғау инженері ретінде тексеруге мені қатыстырудың орнына, бірден жұмыс берушінің ыңғайына жығылып, жұмыс берушінің өз қызметкерлеріне жасаған қысымы нәтижесінде олардан мен 2019 жылы бұл мекемеде жұмыс істемеген деген «самоапал» түсініктемелер негізінде мен 2019 жылы бұл мекемеде жұмыс істемеген болып шығамын. Ал керек болса!

Сол мекемеде істейтін 30-шақты қызметкерлердің бәрі мені істемеген деп түсініктеме бергенін өзінде, бұл түсініктемелердің ешқандай күші жоқ екенін дүрдей инспектордың білмеуі мүмкін емес, бірақ білсе де тәуекелге баруға мәжбүр болған, жұмыс берушіні қолдау үшін.

Менің өтінішім бойынша келген еңбек инспекторы, менің бұзылған құқықтарымды қорғауды қамтамасыз етудің орнына, арызда көрсетілмеген жайттарға көңіл бөліп өзінің жеке басының пайдасына қатысты «пендешілік» әрекеттерге барған. Керек десеңіз күні бүгінгі дейін ол инспектордың аты жөнін, өзін де көрген емеспін.

Жұмыс берушіге Үкімет қаулысын орындата алмаған мемлекеттік еңбек инспекторынан не үміт, не қайыр демеске амал жоқ.

Осы жайтқа басқарма басшысы Б. Қалжанов мырза не дер екен?

Еңбек инспекторы на ровном месте жұмыс берушіге тәуелді болып, қылмыстық құқық бұзушылық әрекетке барғанша, бірауыз маған жолығып істің мән жайын білсе болмас па еді - құры бекерге «самоапал» түсініктемелер жинай бергенше, жұмыс берушінің «зансыз өтінішін» орындау үшін.

Әрине кез келген жұмыс беруші, әсіресе еңбек заңдылықтарын білмейтін басшы мемлекеттік инспектордың ыңғайына жығылғанын ескеріп, материалдық тұрғыдан қолдауға шамасы келеді де және ондай әрекетке барғанына

қуанбаса, өкіне қоймас.

Сонда, мемлекеттік еңбек инспекторы ерте ме кеш пе бұл мәселе көтерілген жағдайда, қалай болар екен деп еңбек инспекциясы басқармасының мүддесін ойламағаны ма?

Ақыры, жұмыс беруші мені қызмет істемеген деп көрер көзге көк тиынға арзымайтын түсініктемелерді «сфабриковать» еткені үшін, мен арыз жазып жұмыстан шығайын деп 2019 жылы 30 желтоқсанда арыз тастадым.

Осы арыз бойынша жұмыс беруші мені 2020 жылдың 30 қаңтарында жұмыстан шығарып, заңда белгіленген тәртіппен есеп-қисап жасап менің есеп шотыма тиесілі ақшаны аударуға міндетті болатын. Бірақ та бұл арыз да белгіленген тәртіппен қаралмай, жұмыс беруші тарапынан аяқсыз қалды.

Сонда қалай, Шымкент қаласында жұмыскердің өз еркімен жұмыстан шығуы да проблемаға айналғаны ма?

Неге жұмыс беруші, осыншама басқа шығады?

Бұл жайттарға, мекемедегі еңбек қатнастарына қатысты мәселелерді жан — жақты, толық тексермей біржақтама тексерген еңбек инспекторы тікелей кінәлі екенінде құман жоқ.

Ендігі жерде, Шымкент қаласы еңбек инспекциясы басқармасының басшысы, әрі өңір басшысы ретінде Президент талабына сәйкес дербес жауапкершілік танытып, тиісті дәрежеде қызметкерлердің орындаушылық тәртібіне жете бақылау жасап отырғанда, олардың кәсіби деңгейін арттыруға бағытталған және сыбайлас жемқорлықпен күрес сияқты кешенді шараларды талапқа сай жүзеге асыруды қамтамасыз еткенде, инспекторлар тарапынан қызмет барысында тәртіптік теріс қылық пен қылмыстық құқық бұзушылық көріністері орын алмаған болар еді.

Жоғарыда айтылған мемлекеттік еңбек инспекторының шектес тыс зансыз әрекеттеріне баға беріп, шара көру үшін басқарма басшысы Б. Құлжанов мырзаның лауазымы мен жауапкершілігі жетер деп санаймын.

Еркін ТУРДАХОВ
Еңбек ардагері, Шымкент қаласы.



САМАЛ ЕСЛАМОВА ТАҒЫ ЖҮЛДЕ ИЕМДЕНДІ

Актриса Самал Есләмова Ресейдің ұлттық кинематографиясының «Ника» жүлдесін жеңіп алды.

2019-2020 жылдардағы үздік фильмдерге берілген марапатта Самал Есләмова «үздік әйел бейнесі» аталымында жеңімпаз болды. Оған

бұл марапат режиссер Сергей Дворцовскийдің «Айка» фильміндегі басты рөлі үшін берілген.

Самал Есләмова 2018 жылы Канн кинофестивалінде «Үздік әйел бейнесі» аталымын жеңіп алған еді.

Abai.kz

ТУРИЗМНІҢ ТАБЫСЫ ТОЛАҒАЙ



Төрткүл әлемде туризм саласында 200 миллионға жуық адам жұмыс істейтін көрінеді. Жылына 1 триллион долларға дейін табыс түседі екен. Әрине, қазіргі пандемия жағдайына байланысты бұл көрсеткіштің біршама кемеігені айтпаса да түсінікті шығар.

Тәуелсіз де егемен Өзбекстан елінде туризм әлеуетін дамытуға айрықша көңіл бөлінуде. Соңғы төрт жылда бұл жайында көптеген Жарлық, қаулы, қарарлар қабылданған. Атап айтқанда, 2016 жылғы 2

желтоқсанда «Өзбекстан Республикасында туристік саланы жедел дамытуға қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» Жарлық, «2017-2021 жылдары Өзбекстан Республикасын басымдық бағытта дамыту жөніндегі іс-қимыл стратегиясы», 2017 жылғы 16 тамыздағы «2018-2019 жылдардағы туризм саласын дамыту жөніндегі кезек күттірмес шаралар туралы» қаулы – солардың санатында. Бірқатар жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, бұл елге 2018 жылы 5,3 миллион, 2019 жылы 6,7 миллион турист келген. Саяхат жасаушыларға 2018 жылы 1041 миллион долларды, 2019 жылы 1313 долларды құрайтын қызмет көрсетілген. Төрткүл әлемді торлаған коронавирус індетіне қарамастан 2020 жылдың алты айында бұл елге 1,500 турист келген. 833 қонақ үй мен 214 хостельде туристер үшін барлық жағдай жасалған.

БОСТАНДЫҚТА БОЛМАПСЫЗ, ШЫМҒАНТАУҒА ШЫҚПАПСЫЗ!
Бостандық ауданы – Өзбекстанның ұлттық бағы.
Ислам АБДУҒАНИЕВИЧ,
Өзбекстан Республикасының Тұңғыш Президенті.

ЕЛІМІЗДЕГІ ЕҢ ЖЕМҚОР ОРГАНДАР БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 2020 жылға арналған Ұлттық баяндаманы жариялады, онда ең жемқор ведомстволар көрсетілген, деп жазады Orda.kz сайты.

Бірінші орын – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет. 2020 жылы 1632 қылмыс анықталды. 2019 жылы – 1717 (-5%).

Екінші орын – Ішкі істер министрлігі. Өткен жылы сыбайлас жемқорлықтың 342 фактісі тіркелді. 2019 жылы – 269 (+27%).

Үшінші орын – Қазақстанның Ұлттық қауіпсіздік комитеті. 2020 жылы 89 факт анықталды. Өткен жылы – 128 (-30%).

Прокуратура органдарында 2020 жылы 68 сыбайлас жемқорлық фактісі тіркелді. 2019 жылы 65 қылмыс тіркелген (+20%).

Пара алғаны үшін 568 адам сотталды; Пара бергені үшін – 624 адам;



Алаяқтық үшін – 316 адам; 268 шенеунік бір еудің мүлкін иемденіп, жымқырды, ал 193 адам қызметтік өкілеттіктерін асыра пайдаланғаны анықталды.

АҚШ ӘЛІШЕР УСМАНОВҚА САНКЦИЯ САЛУДЫ ҰСЫНДЫ

АҚШ-тың Хельсинки комиссиясы Джо Байден әкімшілігіне қамауда отырған ресейлік саясаткер Алексей Навальныйды қолдайтын белсенді әрекеттерге көшуді ұсынды.

Комиссия мәлімдемесінде Ресей президенті Владимир Путин айналасындағы ірі кәсіпкерлерге қарсы санкция енгізу керектігі айтылған.

«Енді ол Ресей түрмесіне қайтадан түскен соң, біз Навальныйдың президент Путинге ең жақын адамдарға, соның ішінде Роман Абрамович, Әлішер Усманов, Игорь Шувалов және Николай Токарев сынды танымал олигархтарға санкция салу туралы ұсынысын қарауымыз керек», - деді сенатор Уикер.

Алексей Навальныйдың жемқорлыққа қарсы күреске арналған зерттеуінде осы олигархтардың есімі аталды. Саясаткер оларды санкция тізіміне қосуды ұсынды. АҚШ Навальныйды қудалауға қатысы бар жоғары лауазымды бірнеше



тұлғаға санкция салған, бірақ олардың арасында кәсіпкерлер жоқ.

АҚШ президенті Джо Байден Ресей билігінен саясаткер Навальныйды босату талап етіп отыр.

Колонияда отырған Навальный үш апта аштық жариялады. Өткен аптада оған сырттан дәрігер жіберген соң ол наразылық акциясын тоқтатты.

ӘСКЕРИ КАФЕДРАДАҒЫ ӘСКЕРІЛЕНДІРІЛГЕН ЭСТАФЕТА



Әскерилендірілген эстафета IV этаптан тұрады:

I-этап – АК-74 Калашников автоматы оқу қаруынан №12 нормативті орындау және 20 метрге жылдамдықпен жүгіру,

II-этап – қол гранатасы мен №1 нормативті орындау және 10 метрге жылдамдықпен жүгіру,

III-этап – жеке қорғаныс құралын кию, IV-этап – АК-74 Калашников автоматы оқу қаруынан №13 нормативті орындау.

Іс-шараның қорытындысы бойынша I-III орындарға ие болған қатысушы топтарға грамоталар мен дипломдар салтанатты түрде тапсырылды. I-орынды 203 оқу взводының «Құрлық қырандары» тобы иеленсе, II-орынды әскери кафедра профессор-оқытушы құрамынан құрылған «Ардагер» тобы ие болды, III-орын 491 оқу взводының «Барлаушы» тобына берілді.

Әскери кафедра бастығы полковник Жакып Амангельдиевич Кенжебаев өткізілген әскерилендірілген эстафетаны қорытындылай келе: «Біз тәрбиелеп отырған студенттер, болашақ Отан қорғаушыларымыз,

егеменді мемлекетіміздің білікті офицерлері болатынына нық сенімдімін» - деді.

Қарағанды облысының «Спасек» оқу-жаттығу орталығы полигонында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің «Айбын» Республикалық әскери-патриоттық жастар жиыны өткізіледі. Осы аталмыш ойындардың I және 2 жиындарына әскерилендірілген эстафета үздіктері бір құрама тобын толықтырып біздің әскери кафедрасының патриоттық клубының туын желбіретіп қатысқан.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің әскери кафедрасы студенттері «Айбын» Республикалық әскери-патриоттық жастар жиынында граната лақтыру, күштік, әскери-патриоттық видеофильм, «Менің роботым» және басқа да сайыстарында жоғары орындарына иеленген.

Әскерилендірілген эстафета жыл сайын дәстүрлі түрде кафедрада өткізіледі, себебі Азат елдің айыны да, қорғаны да – Қарулы Күштерінде. Жыл сайын олардың шеберліктерін шыңдап, жетілдіріп отыру – мемлекет қауіпсіздігінің кепілі.

ҚҰРМАНӘЛІ Қайрат Саиұлы,
М.Әуезов атындағы ОҚУ әскери кафедрасының оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, запастағы аға лейтенант.

Меншік иесі- «ДАЙДАНА» ЖШС	Бас редактор НҮРСҰЛТАН ШӘРІПОВ	Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 30.12.1999 жылы тіркеліп, тіркеу куәлігі №1005-Г куәлігі берілген.	«Ар-ДАҚ» газетінің компьютерлік орталығында теріліп, Жеке кәсіпкер «ЖК Махмұдов.К» баспаханасында басылды. Баспахананың мекен-жайы: Шымкент қаласы, Түркістан көшесі, 6	Редакцияның мекен-жайы: Шымкент қаласы, Абдіразақов көшесі, 3/үй
	Бас редактордың орынбасары МОМБЕК ӘБДІКІМҰЛЫ	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы үшін редакция жауап бермейді. «Ар-ДАҚ»-та жарияланған мақала көшіріліп басыласа, сілтеме жасалуы міндетті. Кейбір суреттер және материалдар ғаламтордан алынды		ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ 65475
	Жауапты хатшы АЙНҰР ОРАЗОВА			Таралу аймағы - Қазақстан Республикасы ardak.gazeta@mail.ru
			Беттеуші-дизайнер НҮРЗИПА БӘЙТЕНОВА	Таралым: 3000 Тапсырыс: